«8D03101 – Әлеуметтану» мамандығы бойынша
Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
Нурымбетов Едил Шаяхметовичтың
«Мұғалімнің әлеуметтік-кәсіби идентификациясы: әлеуметтанулық талдау»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми
ПІКІРІ

Нурымбетов Е.Ш. диссертациялық зерттеуінде мұғалімдердің кәсіби идентификациясы мәселесін талдайды. Бұл зерттеу тақырыбы қазіргі таңда өзекті болып табылады, себебі мұғалімдер – қоғамның әлеуметтік-кәсіби тобы ретінде өскелең ұрпақпен тікелей байланыста және балаларды әлеуметтендіруде маңызды рөл атқарады. Мұғалімдер корпусының кәсібилік деңгейі мемлекеттің болашағына тікелей әсер етеді. Кәсіби идентификацияны түсіну арқылы мұғалімдердің қандай ішкі уәждер мен құндылықтарға ие екенін, өз рөлдерін білім беру үдерісінде қалай қабылдайтынын және қандай мақсаттар қоятындығын анықтауға болады. Сонымен қатар, кәсіби идентификацияны зерттеу мұғалімдердің өз қызметінде кездесетін қиындықтар мен күйзелістерді қалай еңсеретінін, кәсіби дамуына қандай факторлар ықпал ететінін түсінуге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламаларын тиімді әзірлеуге, еңбек жағдайларын жақсартуға және орта білім беру мекемелерінде қолайлы атмосфера қалыптастыруға ықпал етеді.

Автор теориялық және практикалық материалды талдау мен қорыту негізінде алған ғылыми нәтижелері «8D03101 – Әлеуметтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін орындалатын ғылыми біліктілік жұмысына қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.

Диссертациялық зерттеу аясында Нурымбетов Е.Ш. қазақстандық мұғалімдердің кәсіби идентификациясының түрлі аспектілерін жан-жақты зерделеп, келесі жаңа ғылыми нәтижелерге қол жеткізді: Зерттеу нәтижелері қазақстандық мұғалімдердің тұлғалық және кәсіби идентификациясының маңыздылығын, сапалы білім беруге деген ұмтылысын және жұмысқа қанағаттануын көрсетеді: мұғалімдердің басым көпшілігі (95%) өз оқушыларына оң ықпал етуді мақсат тұтады, ал 90%-дан астамы шабыттандыру мен оқытуды басты мақсаты деп санайды. Сонымен қатар, оқушылардың кері байланысы олардың кәсіпке деген сенімін нығайтып мотивациясын арттырады.

Сонымен бірге, мұғалімдердің көпшілігі оқушыларға оң ықпал етуді көздеп, шабыттандыруды басты мақсат деп санаса да, зерттеу нәтижелері қаржылық факторлар мен мойындаудың кәсіби идентификация мен білім беру саласында жұмысын жалғастыруға ықпал ететін маңызды факторлар екенін көрсетеді. Салыстырмалы түрде аз бөлігі жалақы азайған жағдайда немесе қоғамдық мойындау болмаған кезде де мұғалім болып жұмыс істеуге дайын екенін білдіреді. Бұл олардың кәсіби таңдау мен жұмысқа қанағаттануында материалдық факторлардың да үлкен рөл атқаратынын айғақтайды. Сонымен қатар,

мұғалімдердің жұмысқа қанағаттануына кәсіби идентификация және құндылықтармен қатар материалдық жағдайлар да ықпал етеді, ал жасы, еңбек өтілі, мектеп түрі мен орналасқан жері сияқты айнымалылар айтарлықтай әсер етпейді.

Сонымен қатар, диссертацияда Алматы қаласындағы 287 педагог қатысқан сандық сауалнама және 20 мұғаліммен жүргізілген сапалық сұхбаттарды қамтитын аралас әлеуметтанулық зерттеудің нәтижелері ұсынылған. Жүргізілген регрессиялық талдау жасы, еңбек өтілі, мектеп түрі мен елді мекен сипаты сияқты айнымалылардың жұмысқа қанағаттануға статистикалық тұрғыдан елеулі әсер етпейтінін көрсетті. Ал негізгі факторлар ретінде мотивация, мойындау және еңбек жағдайлары анықталды. Сапалық деректер кәсіби идентификацияның материалдық емес (құндылықтар, үлгі болуға ұмтылу, шақыру сезімі) және материалдық (жалақы, тұрақтылық, әріптестердің қолдауы) ынталандырулар арқылы қалай қалыптасатынын көрсетті. Бұл тұжырымдар мұғалімдердің ішкі мотивациясын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді және білім беру жүйесіне кадрларды тарту мен ұстап қалуға бағытталған саясаттарды әзірлеуде қолданылуы мүмкін.

Нурымбетовтың ғылыми нәтижелері мен қорытындылары толықтай дәлелді әрі сенімді, қолданылған әдістемелер отандық және әлемдік әлеуметтанулық ой-пікірге, жалпы ғылыми таным әдістеріне және эмпирикалық әлеуметтік зерттеу материалдарына негізделген. Мұндай кешенді тәсіл кәсіби идентификацияны тұтас талдау үшін зерттеліп отырған қағидалар мен ұстанымдардың әдіснамалық маңызын негізді тұжырымдауға мүмкіндік берді.

Диссертациялық зерттеудің ішкі үйлесімдігі мен ойластырылған құрылымы логикалық байланысқан, аяқталған және тәуелсіз ғылыми еңбек болып табылады. Диссертацияның барлық бөлімдері мен тараулары өзара логикалық байланыста, мазмұны тиянақты және дәйекті. Автор қорғауға ұсынылған тұжырымдарды дәлелдеу үшін мол теориялық және эмпирикалық материалды тиімді пайдаланған. Барлық нәтижелер, қорытындылар мен түйіндер өзара үйлесімді және ғылыми жұмыс жүргізу қағидаларына сай жазылған.

Нурымбетовтың диссертациялық зерттеуі мұғалімдердің кәсіби сәйкестендіру мәселелерін зерттеуге, сондай-ақ олардың қазіргі жаһанданып жатқан қоғам жағдайында бейімделу механизмдерін талдауға елеулі үлес қосады. Бұл зерттеу ғылыми жаңашылдығы мен практикалық маңыздылығы жоғары еңбек болып табылады. Диссертацияның теориялық және практикалық құндылығы – алынған нәтижелер қазіргі білім социологиясындағы талқыланатын мәселелерді шешуде, мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламаларын әзірлеуде, еңбек жағдайларын жақсартуда және білім беру мекемелерінде қолайлы ахуал қалыптастыруда пайдалануға болады. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері қазіргі қоғамдағы түрлі кәсіби топтардың идентификация мәселелеріне арналған оқу бағдарламаларын әзірлеу және дәрістер оқу барысында қолдануға жарамды болып табылады.

Нурымбетов Едил Шаяхметұлының «Мұғалімнің әлеуметтік-кәсіби идентификациясы: әлеуметтанулық талдау» атты диссертациялық жұмысы – елеулі практикалық мәні бар ғылыми тұжырымдар жасалған, өзіндік дербестігі бар еңбек. Бұл жұмыс ғылыми маңыздылығы мен практикалық құндылығы жоғары, сондай-ақ диссертациялық зерттеуге қойылатын барлық талаптарға жауап береді.

Диссертациялық жұмыстың өзектілігі, ғылыми жаңалығы, нәтижелерінің дәлдігі мен негізділігі, сондай-ақ теориялық және практикалық маңыздылығы бұл еңбекті тәуелсіз және білікті ғылыми жұмыс ретінде мойындауға толық мүмкіндік береді. Сондықтан жұмыстың авторы Нурымбетов Едил Шаяхметұлы «8D03101 – Әлеуметтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін иеленуге лайық деп есептеледі.

Ғылыми жетекші, PhD,
әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің
әлеуметтану кафедрасының доцент м.а., **Шабденова А.Б.**

Зам. декана